



«Бөбекжай-балабақша кешені»  
Ж.Б.Қайдакова  
2024 жыл



“Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

### Вариативтік компонент

«Бөлме өсімдіктері -біздің досымыз»

Әзірлеуші: Н.А.Нағашығали

Лауазымы: тәрбиеші

Тәрбиеленушілер жасы: 3 жас

Іске асыру мерзімі: 2024-2025 оқу жылы

## Түсінік хаты

Ұсынылған оқу-әдістемелік кешен балаларды экологиялық тұрғыдан дамытуға, бағдарламалардың міндетін қызықты етіп іске асыруға және тиісті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Балалар қоршаған орта туралы алған білімдерімен өз беттерінше ізденіп, ақпараттарға талдау жасап үйренеді. Алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, балабақшада, табиғат әлемінде) гүлдерді бақылау, түсіндіру, сипаттау, болжау біліктілігін дамытуға бағытталып, педагогтің жаңа білімді балаға қандай әдіс-тәсілдермен түсіндіруге болатындығы жан-жақты талданып, берілген. «Бөлме өсімдіктері – біздің досымыз» бағдарламасы ұйымдастырылған іс-әрекет жиынтығынан тұрады. Бірлескен іс-әрекеттерде (бала-бала, бала-ата-ана, бала-педагог) балалар өсімдіктердің өсуі мен көбеюі үшін ең қолайлы жағдайлармен танысып, сыртқы күйін түріне қарай анықтауды үйреніп, өсімдіктерді күтуді, жұмыс тапсырмаларына жауапкершілікпен қарауды, жалпы табиғатты құрметтеу, оның алдындағы жауапкершілік екенін сезінуді үйренеді.

### Өзектілігі:

Экологиялық тәрбие қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Жер бетінде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтау сияқты экологиялық мәселелерге назар аудару қажеттілігі артып келеді. Осыған балабақшаларда экологиялық тәрбиені ерте жастан бастап енгізу өте маңызды.

Экологиялық тәрбиенің бір бөлігі ретінде бөлме өсімдіктерін пайдалану ерекше орын алады. Бөлме өсімдіктері тек әдемі интерьер элементі ғана емес, сонымен қатар табиғатпен байланыс орнатудың, экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті дамытудың маңызды құралы болып табылады. Олар ауаны тазартып, ылғалдандырып, бөлме ішіндегі микроклиматты жақсартады. Сонымен қатар, өсімдіктермен жұмыс істеу, оларды күтіп-баптау балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны аялауға үйретеді.

Бөлме өсімдіктері экологиялық тәрбие беру процесінде педагогикалық құрал ретінде пайдаланыла алады. Олар арқылы балалар өсімдіктердің өсу және даму шарттары, қоршаған ортаға әсері туралы білім алып қана қоймай, сонымен қатар табиғаттың әсемдігін сезініп, оны қорғауға ұмтылады. Бөлме өсімдіктерін күтіп-баптауда балалар жауапкершілікті, шыдамдылықты, ұқыптылықты үйренеді. Сонымен бірге өсімдіктердің өсуін бақылау, тәжірибе жасау арқылы зерттеушілік қабілеттері де дамиды.

Бөлме өсімдіктерін экологиялық тәрбие процесіне енгізу балалардың табиғатпен байланысын нығайтып, олардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде экологиялық сананы қалыптастырып, болашақта экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған саналы әрекеттерге түрткі болары сөзсіз.

### Мақсаты:

-Бөлме өсімдіктерінің дамуы мен өсуіне қызығушылық таныту, бақылау мен білуге, көрнекі-тиімді ойлауды дамыту.

-тірі табиғат объектілеріне – бөлме өсімдіктеріне саналы түрде дұрыс көзқарас қалыптастыру

### Міндеті:

- экологиялық білімді кеңейту;

- танымдық қызығушылық пен зерттеу дағдыларын (салыстыру, талдау, қорытынды жасай білу), жабық өсімдіктерді күту бойынша практикалық дағдыларды дамыту

- табиғат объектілеріне белсенді қатынастың көрінісі (тиімді күтім, табиғатқа қатысты басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалау мүмкіндігі);

- осы тақырып бойынша балалардың сөздік қорын байыту;

- практикалық дағдыларды игеру.

- балаларды бөлме өсімдіктері туралы білімдерін кеңейтуге көмектесу; сыртқы түрі, құрылысы, өсу, даму жағдайлары;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы еңбексүйгіштікке, өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

- Балалардың тірі табиғатқа деген қызығушылығы артады. Бөлме өсімдіктерін ажыратып, атауды үйренеді.
- Балалардың табиғат объектілерін зерттеуге деген құштарлығы қалыптасады, олар қорытынды жасауға, себеп-салдар байланысын орнатуға үйренеді.
- Балалар бөлме өсімдіктерінің тіршілігінен көптеген қызықты нәрселерді үйренеді және өсімдіктердің өсуіне қажетті жағдайларды тәжірибе жүзінде зерттейді.
- Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге дұрыс күтім жасауды үйрету.
- Балалар мен ата-аналардың танымдық және шығармашылық белсенділігі белсендіріліп, педагогтардың құзыреттілігі артады.
- Топтың экологиялық ортасын кеңейту.

## «Бөлме өсімдіктері – біздің досымыз» вариативтік бағдарламасы туралы

### Пікір:

Ұсынылып отырған бағдарламаның түбегейлі айырмашылығы мен жаңалығы оқу процесінде ұзақ уақыт бойы тиімді пайдаланылған материалды сапалы жалпылауында.

Бұл әдістемелік құралдағы материалдың берілуі теориямен түрде ұштастырылған;

Бағдарламада ұсынылған материал біздің көп жылдық жұмыс тәжірибеміздің қысқаша мазмұны болып табылады. Бұл материалды қолданудың тиімділігі мамандардың мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін қосымша білім беру педагогтарымен тәрбиешілеріне пайдалануға ұсынылады.

Нұсқаулық осы жастағы балалардың ата-аналары үшін қызықты және пайдалы болады. Ұсынылған материалды пайдалана отырып, ата-аналар қызықты түрде балалардың сауатты, үйлесімді сөйлеуін дамыту, сонымен қатар үйде зерттеу бойынша жұмысты жалғастыра алады.

Бұл бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің бағдарламасының талаптарын ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының кағидаттарын ескере отырып дайындалды.

«Сарат мектеп-бөбекжайының директоры»

КММ-дің бағдарламасы



Ж.Б.Қайдакова

### Бағдарламаның мазмұны

| №  | Тақырыбы                                      | Сағат саны |
|----|-----------------------------------------------|------------|
| 1  | Өсімдік деген не?                             | 1          |
| 2  | Өсімдіктер қалай өседі?                       | 1          |
| 3  | Құмның өсімдікке әсері                        | 1          |
| 4  | Бөлме өсімдіктері                             | 1          |
| 5  | Гүл туралы аңыз                               | 1          |
| 6  | Жұмбақтар                                     | 1          |
| 7  | Суретпен жұмыс, гүлдер туралы мақал-мәтелдер. | 1          |
| 8  | Гүлдер тақырыбында тақпақтар                  | 1          |
| 9  | Мен зерттеушімін                              | 1          |
| 10 | «Өсімдік тыныс ала алады ма?»                 | 1          |
| 11 | «Тамырға ауа керек пе?»                       | 1          |
| 12 | «Қайсысы тез өседі»                           | 1          |
| 13 | «Гүлді қалай күтеміз»                         | 1          |
| 14 | «Гүл қайда жақсы өседі?»                      | 1          |
| 15 | Өсімдікте не болады?                          | 1          |
| 16 | Ыстық пен суықта не болады?                   | 1          |
| 17 | «Біз бөлме өсімдіктерін өсіреміз»             | 1          |
| 18 | «Гүл қайда жақсы өседі?»                      | 1          |
| 19 | Гүл<br>«Сумен және сусыз»                     | 1          |
| 20 | Өсімдіктерге қорғану үшін не керек?           | 1          |
| 21 | Дид ойын:<br>«Себеттегі гүлді тап»            | 1          |
| 22 | Дид ойын:<br>«Гүл дүкені»,                    | 1          |
| 23 | Дид ойын: «Гүлге не қажет?»                   | 1          |
| 24 | Дид ойын:<br>«Сикырлы себет»                  | 1          |

|    |                                     |     |
|----|-------------------------------------|-----|
| 25 | «Гүлді көйлек»                      | 1   |
| 26 | «Гүлдерді өсір»                     | 1   |
| 27 | «Гүлді алқап»                       | 1   |
| 28 | «Гүлге араларды қондыр»             | 1   |
| 29 | Ертегі «Гүлдер мен жыл мезгілдері»  | 1 ✓ |
| 30 | Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі | 1   |
| 31 | Ең әдемі гүл                        | 1   |
| 32 | «Ғажайып гүл» ертегісі              | 1   |
| 33 | Өсімдіктің өсу реті                 | 1   |
| 34 | Гүл отырғызуға арналған ыдыстар     | 1   |
| 35 | Гүл көшеттерін отырғызу             | 1   |
| 36 | Гүлшоқтары                          | 1   |

**«Бөлме өсімдіктері – біздің досымыз» вариативтік бағдарламаның  
ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары**

| №  | Тақырыбы                                      | Шарты                                                                                                                                                                                                                 | Қолданылатын материалдар   | Сағат саны |
|----|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|------------|
| 1  | Өсімдік деген не?                             | Тексеру диагностикасын жүргізу, балалардың білімін бақылау;                                                                                                                                                           | Қағаз, қайшы, ж желім      | 1          |
| 2  | Өсімдіктер қалай өседі?                       | Өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын анықтау: су, жарық, жылу                                                                                                                               | Су, топырақ, гүл           | 2          |
| 3  | Құмның өсімдікке әсері                        | Ылғалды және құрғақтың негізгі қасиеттерін, құм қайдан келетінін және сұйықтықтарды сіңіру қабілетін түсіндіру.                                                                                                       | Құм, су                    | 3          |
| 4  | Бөлме өсімдіктері                             | Еңбек процесінің құрылымы туралы, өсімдіктердің суға, жылуға қажеттілігі туралы білімдерін бекіту, балаларды өсімдіктерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br><b>Табиғат бұрышындағы еңбек:</b> бөлме өсімдіктерге күтім жасау. | Гүл, су, құм               | 4          |
| 5  | Гүл туралы аңыз                               | Туған елінің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.                                                                                                              | Табиғат бұрышы             | 5          |
| 6  | Жұмбақтар                                     | Жұмбақтар арқылы баланың ой – өрісін, ойлау қабілетін дамытып, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын жетілдіру; шапшаңдыққа, ізденімпаздыққа, бір – бірін тыңдай білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.  | Мақал-мәтелдер, жұмбақтар  | 6          |
| 7  | Суретпен жұмыс, гүлдер туралы мақал-мәтелдер. | Сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ сұраққа жауап беруге және мақал-мәтелдерді айта білуге үйрету. Әңгімелерді тыңдай білуді үйрету.                                                                               | Мақал-мәтелдер             | 7          |
| 8  | Гүлдер тақырыбында тақпақтар                  | Балаларды топқа бөлу арқылы, әр топқа гүлдер туралы тақпақтар үйрету. Өлеңдерді жатқа айту қабілеттерін дамыту.                                                                                                       | Гүл, өлең шумақтары        | 8          |
| 9  | Мен зерттеушімін                              | Зерттеуші ғалымдар деген кім, зертхана деген не екендігі туралы түсініктерді нақтылау. Балалар зертханасындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру.                                                                  | Су, құм, бөлме өсімдіктері | 9          |
| 10 | «Өсімдік тыныс ала алады ма?»                 | Өсімдіктің ауаға, тыныс алуға қажеттілігін ашу. Өсімдіктерде тыныс алу процесі қалай жүретінін түсіндіру. Зерттеу жұмысы.                                                                                             | Бөлме өсімдіктері          | 10         |
| 11 | «Тамырға ауа керек пе?»                       | Өсімдіктің көпсуі қажеттілігінің себебін анықтау; өсімдіктің барлық мүшелерімен тыныс алатынын дәлелдеу. Зерттеу жұмысы.                                                                                              | Гүл, топырақ, су           | 11         |

|    |                                     |                                                                                                                                          |                                |    |
|----|-------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|----|
| 12 | «Қайсысы тез өседі»                 | Өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топыраққа тәуелділігін негіздеу. Зерттеу жұмысы.               | Сызғыш,калам, кара калам       | 12 |
| 13 | «Гүлді қалай күтеміз»               | Тірі және жансыз табиғат арасында байланыс орнату қабілетін дамыту. Зерттеу жұмысы.                                                      | Гүлдер                         | 13 |
| 14 | «Гүл қайда жақсы өседі?»            | өсімдіктің ауа мен тыныс алу қажеттілігін анықтау; өсімдіктерде тыныс алу процесі қалай жүретінін түсіну. Зерттеу жұмысы.                | Бөлме өсімдіктері              | 14 |
| 15 | Өсімдікте не болады?                | Өсімдіктің барлық мүшелері тыныс алуға қатысатынын анықтау. Жапырақтан су буланған кезде өсімдікке не болатынын анықтау. Зерттеу жұмысы. | Бөлме өсімдіктері              | 15 |
|    | Ыстық пен суықта не болады?         | Өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау.                                                                              | Бөлме өсімдіктерінің суреттері | 16 |
| 16 | «Біз бөлме өсімдіктерін өсіреміз»   | Балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Баланың ізденіс әрекетінің дербес субъектісі болатындай жағдай жасау.              | Гүлдің суреттері               | 17 |
| 17 | «Гүл қайда жақсы өседі?»            | Гүлдердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топыраққа тәуелділігін негіздеу.                                   | гүлдер                         | 18 |
| 18 | Гүл<br>«Сумен және сусыз»           | Гүлдердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын (су, жарық, жылу) бөліп көрсету.                                              | Бөлме өсімдіктері              | 19 |
| 19 | Өсімдіктерге қорғану үшін не керек? | Гүлдің қоректенуі үшін жарықтың қажеттілігін анықтау                                                                                     | Гүлдің суреттері               | 20 |
| 20 | Дид ойын:<br>«Себеттегі гүлді тап»  | Суреттегі гүлдерден себеттегі гүлді тауып атын атау.                                                                                     | Себет,гүл                      | 21 |
| 21 | Дид ойын:<br>«Гүл дүкені»,          | Қиылған суреттерді реті бойынша тамырдан бастап құрастыру.                                                                               | Гүл,дүкенші                    | 22 |
| 22 | Дид ойын:<br>«Гүлге не қажет?»      | Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру.                      | Гүл,су                         | 23 |
| 23 | Дид ойын:<br>«Сикырлы себет»        | Шарты: Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге сукұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.                                                        | Себет,гүл                      | 24 |
| 24 | «Гүлді көйлек»                      | Көйлектегі гүлдерді макта таяқшасымен бояу.                                                                                              | Гүл,көйлек, кайшы,желім        | 25 |
| 25 | «Гүлдерді өсір»                     | Қиылған суреттерді реті бойынша тамырдан бастап құрастыру.                                                                               | Гүл                            | 26 |
| 26 | «Гүлді алқап»                       | Балалардың шығармашылық қиялын дамыту. Көктем мезгіліндегі гүлді алқапты өз ойымен безендіру.                                            | Гүлдердің суреттері            | 27 |

|    |                                     |                                                                                                                              |                                 |    |
|----|-------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|----|
| 27 | «Гүлге араларды қондыр»             | Ойын арқылы баланың ойы –өрісін дамыту                                                                                       | Гүл,ара                         | 28 |
| 28 | Ертегі «Гүлдер мен жыл мезгілдері»  | Күнделікті өмірде өсімдіктің алар орны мен маңызын түсіндіру.                                                                | Гүл,жыл мезгілдерінің суреттері | 29 |
| 29 | Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі | Ертегінің мазмұнымен , кейіпкерлері-мен танысады, ертегіні тыңдап, ертегі бойынша сұрақтарға жауап бере алады.               | Ертегі кітап                    | 30 |
| 30 | Ең әдемі гүл                        | Ертегі желісі арқылы табиғатты қорғауды, аялауды түсінеді.                                                                   | Гүл                             | 31 |
| 31 | «Ғажайып гүл» ертегісі              | Табиғатпен адамгершілік тұрғыда қарым-қатынас жасау тәжірибесін түсінеді.                                                    | Ертегі кітап                    | 32 |
| 32 | Өсімдіктің өсу реті                 | Балалардың өсімдіктердің тыныс алатын, ұстайтын және қоректенетін тамыры бар тірі тіршілік иелері туралы білімдерін жүйелеу. | өсімдіктер                      | 33 |
| 33 | Гүл отырғызуға арналған ыдыстар     | Балаларға өсімдіктердің өсуі мен дамуының реттілігі туралы түсініктерін жалпылауға көмектесу.                                | Гүл,топырақ,су, гүлдің гаршогі  | 34 |
| 34 | Гүл көшеттерін отырғызу             | Балаларға өсімдіктерді өсіруге мұқият және қамқорлықпен қарау тәжірибесін алуға көмектесу.                                   | Гүл,су,топырақ                  | 35 |
| 35 | Гүлді отырғызу реті                 | Балалардың өсімдіктердің тыныс алатын, ұстайтын және қоректенетін тамыры бар тірі тіршілік иелері туралы білімдерін жүйелеу. | Гүл,су,топырақ                  | 36 |
| 36 | Гүлшоқтары                          | Балалар гүлді кскеннен кейін гүлшоқтарын бақылайды                                                                           | гүлдер                          |    |

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
3. Балалардың жаңа энциклопедиясы, Алматыкітап баспасы, 2012 жыл
4. Менің алғашқы энциклопедиям. Құрастырушылар: Сужикова А.У., Лекерова Ф.С., Солтанғазина М.Қ., Алматыкітап баспасы, 2015 ж.
5. Интернет желісі